

**Мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуын бақылауға және уәкілетті мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызметін бақылауға байланысты Мемлекеттік кіріс органдарының шешімдерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 10 қыркүйектегі № 489 бұйрығы

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 49-бабының 4-тармағы мен 177 және 178 -баптарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Бекіту:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бақылауды тағайындау туралы шешімнің нысаны;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес бақылауды тағайындау туралы шешімге қосымша шешімнің нысаны;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес бақылауды жүзеге асыруға кедергі жасау туралы акт нысаны;

4) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес бақылау актісінің нысаны;

5) осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы талап нысанын қамтиды.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында оның орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

М. Такиев

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің

**Бақылауды тағайындау туралы шешім**

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ №\_\_

(мемлекеттік органның атауы)

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 177 және 178-бабына сәйкес

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1) \_\_\_\_\_

(уәкілетті мемлекеттік органының/жергілікті атқарушы органның, мемлекеттік мекеменің, кәсіпкерлік субъектісінің, сондай-ақ мемлекеттік органның толық атауы)

бақылау жүргізуге \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

бақылауды тағайындау негіздемесі: \_\_\_\_\_

2) бақылау жүргізу үшін жіберілсін: \_\_\_\_\_

(мемлекеттік органның (органдардың) лауазымды адамының (адамдарының) лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе))

3) бақылау өткізу мерзімі шешімді тапсырған кезден бастап\_\_ жұмыс күні

4) бақылау жүргізілетін кезең 20\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ дейін белгіленсін.

5) бақылау жүргізу мәселелері \_\_\_\_\_

6) бақылауды жүзеге асыруға мына маман (мамандар) жұмылдырылсын:

(тексеру жүргізуге өзге мемлекеттік органдардан тартылған жұмыскердің (жұмыскерлердің), оның ішінде лауазымды адамның (лауазымды адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе))

Мемлекеттік органның басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе))

Мөр орны \_\_\_\_\_ (қолы)

Таныстым және шешімді (көшірмесін) алдым: \_\_\_\_\_

(уәкілетті мемлекеттік органының/жергілікті атқарушы органның, мемлекеттік мекеменің, кәсіпкерлік субъектісінің, сондай-ақ мемлекеттік органның лауазымды

адамының (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы, күні)

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2025 жылғы 10 қыркүйектегі  
№ 489 бекітілген бұйрығына  
2-қосымша  
Нысан

**Бақылауды тағайындау туралы 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ шешімге қосымша шешім**

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(мемлекеттік органның атауы)

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 177 және 178-бабына сәйкес

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1) \_\_\_\_\_

(уәкілетті мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның, мемлекеттік мекеменің, кәсіпкерлік субъектісінің, сондай-ақ мемлекеттік органның атауы)

уәкілетті мемлекеттік органындағы/жергілікті атқарушы органдағы, мемлекеттік мекемедегі, кәсіпкерлік субъектегі, сондай-ақ мемлекеттік органдағы бақылау мерзімі " \_\_\_\_ " жұмыс күніне ұзартылсын.

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

2) бақылау кезеңі 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

дейін ұзартылсын.

3) бақылау жүргізіп жатқан адамдардың құрамына мемлекеттік кірістер органның жұмыскерлері қосылсын:

\_\_\_\_\_  
(мемлекеттік органның (органдардың) лауазымды адамының (адамдарының)

лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе))

4) бақылауды жүзеге асыруға мына жұмыскерле (жұмыскерлер) тартылсын:

\_\_\_\_\_  
(бақылау жүргізуге басқа мемлекеттік органдардан тартылған жұмыскердің (жұмыскерлердің), оның ішінде лауазымды адамның (лауазымды адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе))

5) бақылау жүргізіп жатқан адамдардың құрамынан мемлекеттік кірістер органдарының жұмыскері (жұмыскерлері), оның ішінде өзге мемлекеттік органдардың жұмыскері (жұмыскерлері) шығарылсын

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), лауазымы)

Мемлекеттік органның басшысы \_\_\_\_\_

Мөр орны \_\_\_\_\_ (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)

Таныстым және қосымша шешімнің (көшірмесін) алдым:

\_\_\_\_\_  
(уәкілетті мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның, мемлекеттік мекеменің, кәсіпкерлік субъектісінің, сондай-ақ мемлекеттік органның лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) қолы, күні)

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2025 жылғы 10 қыркүйектегі  
№ 489 бекітілген бұйрығына  
3-қосымша  
Нысан

### **Бақылауды жүзеге асыруға кедергі жасау туралы акт**

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 177 және 178-

бабына сәйкес \_\_\_\_\_

(мемлекеттік органның атауы)

Біз, мемлекеттік кірістер органдарының төменде қол қойған лауазымды адамдары:

1. \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), лауазымы);

2. \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), лауазымы)

Бақылауды тағайындау туралы шешім негізінде 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(уәкілетті мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның, мемлекеттік мекеменің, кәсіпкерлік субъектісінің және де мемлекеттік органның атауы) қатысты бақылауды жүзеге асыру үшін объектіге келді;

3. \_\_\_\_\_

уәкілетті мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның, мемлекеттік мекеменің, кәсіпкерлік субъектісінің, сондай-ақ мемлекеттік органның жеке

сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

Мекенжайы (орналасқан жері):

Кедергі жасау фактісінің сипаттамасы: \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ сағатта бақылауды жүзеге асыру әрекеті кезінде уәкілетті мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның салық төлеушінің өкілі:

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе),  
лауазымы)

Лауазымы: \_\_\_\_\_

бақылау жүргізуге кедергі келтірді, атап айтқанда:

бақылауды тағайындау туралы шешімдерге қол қоюдан бас тартты;

тексерушілерді тексеруді жүзеге асыру үшін бақылау объектілеріне жіберуге жол бермеді;

құжаттар мен бақылауға мәліметтер беруден бас тартты;

басқа кедергілерді жасады, көрсету: \_\_\_\_\_

факт куәгерлердің қатысуымен тіркелді/бейнежазба/түсініктеме қоса беріледі.

Құқықтық біліктілік:

Салық кодексінің 177-бабы 6-тармағына және 178-бабының 6-тармағына сәйкес мұндай бақылау субъектісінің лауазымды адамдары осындай бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді алуда және тексеруді жүзеге асыру үшін бақылау объектілеріне жіберуде бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамдарына жәрдем көрсетеді.

Бақылауды жүзеге асыру кезінде кедергі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің \_\_ бабына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

Қосымша:

Фото / бейне түсіру

Түсіндірме жазбалар

Куәгерлердің түсіндірмелері

Қолтаңбалар:

Мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды адамдары:

1. \_\_\_\_\_ қолы

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе))

2. \_\_\_\_\_ қолы

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе))

Лауазымды тұлғалар (уәкілетті мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның,

мемлекеттік мекеменің, кәсіпкерлік субъектісінің және де мемлекеттік органның):

Қол қойды: \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе))

Қол қоюдан бас тартқаны осы актіде расталған

Куәгерлер (бар болса): \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе))

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2025 жылғы 10 қыркүйектегі  
№ 489 бекітілген бұйрығына  
4-қосымша  
Нысан

## Бақылау актісі

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 177-бабы 10-тармағына және 178-бабының

10-тармағына сәйкес бақылау актісі:

- 1) бақылауды жүзеге асыру орны, бақылау актісін жасау күні;
  - 2) бақылауды жүзеге асырған мемлекеттік кірістер органының атауы;
  - 3) бақылауды жүзеге асырған мемлекеттік кірістер органы лауазымды адамдарының лауазымдары, тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);
  - 4) бақылау шешім негізінде жүргізілді (іс № және күні, шешім № және күні, бақылауға бастамашылық жасау органы, бақылаудың басталу және аяқталу күні);
  - 5) бақылау субъектісінің тегі, аты және әкесінің аты немесе атауы, басшының (уәкілетті лауазымды адамның) тегі, аты және әкесінің аты, сәйкестендіру нөмірі, сондай-ақ бақылау субъектісінің мекенжайы;
  - 6) бақылауды жүзеге асыру кезеңі;
  - 7) бақылау субъектісі лауазымды адамдарының білімімен және қатысуымен бақылау жүзеге асырылған лауазымдары, тегі, аты және әкесінің аты;
  - 8) бақылауға ұсынылған құжаттардың тізбесі;
  - 9) бақылауға ұсынылмаған құжаттардың тізбесі;
  - 10) құжаттар туралы қосымша мәліметтер;
  - 11) алдыңғы бақылау және бұрын анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметтер;
  - 12) жүзеге асырылған бақылау нәтижелерін қамтиды.
- Бақылауды жүзеге асырған мемлекеттік кірістер органы лауазымды адамдарының лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе): \_\_\_\_\_ қолтаңбалары: \_\_\_\_\_
- Уәкілетті органның жауапты лауазымды адамдарының лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе): \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қолтаңбалары: \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2025 жылғы 10 қыркүйектегі  
№ 489 бекітілген бұйрығына  
5-қосымша  
Нысан

**Бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы талап**

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 177 және 178-бабына сәйкес  
\_\_\_\_\_ (мемлекеттік органның атауы)

Сізге \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе),  
уәкілетті мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның, мемлекеттік  
мекеменің, кәсіпкерлік субъектісінің, сондай-ақ мемлекеттік органның  
басшысының,

уәкілетті мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның, мемлекеттік  
мекеменің, кәсіпкерлік субъектісінің, сондай-ақ мемлекеттік органның толық атауы  
мекенжайы)

\_\_\_\_\_ Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі бақылау нәтижелері  
бойынша  
анықталған бұзушылықтарды жою қажеттілігі туралы:

\_\_\_\_\_ (бюджетке енгізуге жататын сомаларды көрсете отырып, бұзушылықтың мәні (бар  
болса))

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 177 және 178-бабына сәйкес Сізге 20\_\_  
жылғы №\_\_ бақылау актісінде көрсетілген бұзушылықты (бұзушылықтарды) осы  
талап табыс етілген (алынған) күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жою қажет.

Салық кодексінің 199 және 200-бабына сәйкес Сіз мемлекеттік кірістер органының  
лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған мемлекеттік  
кірістер органына немесе сотқа Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде  
көзделген тәртіппен шағымдануға құқығыңыз бар.

Мемлекеттік органның басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе))

Мөр орны \_\_\_\_\_ (қолы)

Талап алды \_\_\_\_\_

уәкілетті мемлекеттік орган/жергілікті атқарушы органның, мемлекеттік мекеменің,  
кәсіпкерлік субъектінің, сондай-ақ мемлекеттік орган басшысының тегі, аты,  
әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы, күні)

Талап уәкілетті мемлекеттік органға/жергілікті атқарушы органға, мемлекеттік мекемеге, кәсіпкерлік субъектіге, сондай-ақ мемлекеттік органға жолданды

---

(мемлекеттік органның лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы, күні)

Талап уәкілетті мемлекеттік органға/жергілікті атқарушы органға, мемлекеттік мекемеге, кәсіпкерлік субъектіге, сондай-ақ мемлекеттік органға жіберілді

\_\_\_\_\_ (жіберу фактісін растайтын құжат)